

<p>Қазақстан Республикасының Денсаулық сактау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті «Шығыс Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі</p>		<p>Нысаның БҚСЖ бойынша коды КҰЖЖ бойынша ұйым коды</p> <p>Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі 2015 жылғы «30» мамырдағы № 415 бүйрүғымен бекітілген № 015/у нысанды медициналық құжаттама</p>
------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Шығыс Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері міндетін атқарушының 2021 жылғы 19 ақпандағы №4 қаулысына өзгерістер енгізу туралы
№ 4-1
ҚАУЛЫ

2021 жылғы 22 ақпан

Өскемен қаласы

Мен, Шығыс Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің м.а. Х.Ж. Илюбаев,

мына құжаттарды:

Қазақстан Республикасының аумағында коронавирустық инфекцияның пайда болуы мен таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 2021 жылғы 02 ақпандағы шешімін;

Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 04 желтоқсандағы № 65; «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67; «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңмен женілдету туралы» 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 68; «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 14 қантардағы № 2; «Қазақстан Республикасы халқының арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі жүргізу туралы» 2021 жылғы 27 қантардағы № 3; «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» 2021 жылғы 04 ақпандағы № 5 қаулыларын;

«Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын және пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігі 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № КР ДСМ-293/2020 бүйрүғын;

COVID-19 коронавирустық инфекциясы бойынша Шығыс Қазақстан облысындағы, Қазақстан Республикасының басқа облыстарындағы және іргелес

мемлекеттердегі санитариялық-эпидемиологиялық ахуал туралы жедел мәліметтерді қарап,

Есептік өлшемшарттар негізінде COVID-19 науқастарын емдеуге арналған инфекциялық стационарлардағы төсек қорының (ТҚ) қамтылу пайызы – 4,5 %, облыс бойынша инфекцияның репродуктивтік мәні R – 0,975 құраганын анықтадым.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 38-бабының 1-тармағының 4) тармақшасы, 2-тармағының 3) тармақшасы, 102, 104 – баптары негізінде, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Шығыс Қазақстан облысының халқы арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясымен сырқаттанушылықтың алдын алу жөніндегі одан арсы шаралар туралы» Шығыс Қазақстан облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері міндеттін атқарушының 2021 жылғы 19 акпандағы № 4 қаулысына келесідей өзгерістер енгізілсін:

1) 3- тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«3. Үржар, Бородуиха, Шемонаиха, Зайсан аудандарының әкімдері, ШКО денсаулық сақтау басқармасы, ШКО мемлекеттік кірістер департаменті, ШКО полиция департаменті, қалалар мен аудандардың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармалары:

Казақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінен теміржол, теніз, өзен көлігінде және автоөтпе жолдарында келетін адамдарға қатысты шектеу шараларына» сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы автоөтпе жолдарына «Ауыл», «Уба», «Бакты», «Майқапшагай» (Шемонаиха, Бородуиха, Үржар, Зайсан аудандары бойынша 1 бірліктен) өткізу пункттерінде 4 санитариялық бекеттің жұмыс істеуін қамтамасыз етсін»;

2) Қаулының 1-көсімшасы алынып тасталсын.

2. Қаулы меншік нысанына қарамастан барлық жеке және занды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

3. Осы қаулы барлық мұдделі ведомстволардың назарына жеткізілсін, халық ресми веб-ресурстар, БАҚ, әлеуметтік желілер және өзге де акпараттық ресурстар арқылы хабардар етілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы қаулы **2021 жылғы 22 ақпаннан бастап қүшіне енеді** және оның ресми қүші жойылғанға дейін қолданылады.

М. О.

Шығыс Қазақстан облысының
Бас мемлекеттік санитариялық
дәрігерінің м.а.



Х. Илюбаев

Қаулыны алдым _____

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты, алған күні, қолы)